

Құрманғазы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 522 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 3397 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 176 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 24.04.2017 № 176 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының 3-тармағы 3-1) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Құрманғазы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасы осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Мусаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Аудан әкімі

А. Баракатов

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "23" қарашадағы № 522 қаулысына 1 қосымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "23" қарашадағы № 522 қаулысымен бекітілген

**Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**  
**С.Н. Имашев атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты**




С.Н.Имашев орта мектебі

#### Шартты белгілер:


- елді мекен
- С.Н.Имашев атындағы орта мектебі
- автобустың маршруты  
жалпы ұзындығы- $L=8,0$  км

### Ә. Сәрсенбаев атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты




- елді мекен
- А.Сәрсенбаев атындағы орта мектебі
- автобустың маршруты  
жалпы ұзындығы- $L=21,0$ км

## Ю.А. Гагарин атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты




## М. Эузев атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты



- елді мекен
- М.Тузов атындағы орта мектебі
- автобустың маршруты  
жалпы ұзындығы- $L=47,0$ км

**Ф. Энгельс атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты**

Затон е.м.



Ф.Энгельс атындағы орта мектебі



- елді мекен



- Ф.Энгельс атындағы орта мектебі




- көпір



- автобустың маршруты  
жалпы ұзындығы-L=4,0км

## Еңбекші орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты



- елді мекен




- Еңбекші орта мектебі




- автобустың маршруты  
жалпы ұзындығы-L=23,3км

## Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты



## Н.В. Гоголь атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус маршруты



## **Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бүйрүғына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелді) сәйкес әзірленген және Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

### **2. Балаларды тасымалдау тәртіби**

2. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайдаған орындауы мүмкін.

3. Балалардың үйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезіндеған жол жүргүте рұқсат етілуі мүмкін.

4. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тасымалдаушы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің аумақтық бөлімшелері, маршруттағы қозғалысты қадағалауды күшейту және екі және одан артық автобустардың лектеріне жол-патрульдік полициясының арнайы автокөлік құралдарының еріп жүруі туралы мәселені шешу бойынша шаралар қабылдау үшін хабардар етеді.

5. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізуудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

6. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен болуы тиіс.

7. Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дерен хабарлауы қажет.

8. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

9. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қаранды мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс. Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

10. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (аудында кемінде бір рет) тексереді.

11. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шараптар қабылдайды.

12. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын; отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 м қашықтықта орналасуы тиіс.

13. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жынырма бес жастаң кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши күелігі және жүргізушинің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушинің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл болуы тиіс.

14. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді

:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүргүре;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

### **3. Қорытынды ереже**

15. Осы Қағидамен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК